

# ЖОҒАРЫ СҰРАНЫСҚА ИЕ МАМАНДЫҚ



Құрылыс факультеті 1943 жылы құрылыс материалдарын өндіру технологиялық институты құрамында құрылған болатын. Механика факультеті 1958 жылы ұйымдастырылып, осы екі факультеттің бірігуі нәтижесінде 1999 жылы бірыңғай механика-құрылыс факультеті ашылды. Университет құрылымының қайта өзгеруіне байланысты 2006 жылдың тамыз айынан механика-құрылыс факультеті М. Әуезов атындағы университет құрамындағы Техникалық институт болып құрылды. Мұнай және газ институтының тарауына байланысты 2009 жылдың тамыз айында бізге 4 кафедра қосылды және Техникалық институттың «Құрылыс, машинажасау және көлік» факультеті болып атауы өзгерілді. 2011 жылдың наурыз айында факультет 2 факультетке бөлініп, «Құрылыс және көлік» факультеті құрылды. Қазіргі таңда факультет оқытушылар құрамының жалпы саны 162 болса, олардың ішінде 12 ғылым докторлары, профессорлар, 81 ғылым кандидаттары мен доценттер бар. Факультетке 7 кафедра қосылған. Факультет оқу-ғылыми-өндірістік кешендері, лабораториялары оқу процесін және ғылыми-зерттеу жұмыстарын жоғары деңгейде жүргізу үшін барлық қажетті жабдықтаумен, қондырғылармен жабдықталған және бүгінгі күн талабына сай жоғары білікті мамандар даярлауға мүмкіндік береді.


Қазіргі таңда факультетте 1465 студент білім алып жатыр, оның ішінде 903 студент мемлекеттік білім беру гранты негізінде оқиды.

Факультет 6 мамандық бойынша мамандар даярлайды:

**Мамандық: 5B042000 – «Сәулет» (Архитектура)**

**Оқу мерзімі:** - 5 жыл

**Біліктілігі:** Сәулет бакалавры



**Түлектердің қызмет жасау салалары:** Жобалау және құрылыс мекемелері мен бөлімдерінде; кәсіби-технологиялық мекемелерде; білім беру (педагогикалық) орта кәсіптік оқу орындарында, сәулет құрылыс саласындағы педагогикалық училищелерде.

**Мамандық: 5B071300 – «Көлік, көлік техникасы және технологиялары»**

**Оқу мерзімі:** - 4 жыл

**Маманданулар:**

1. «Автомобильдер және автомобиль шаруашылығы»

2. «Автосервис және фирмалық қызмет»

**Біліктілігі:** Көлік бакалавры

**Түлектердің қызмет жасау салалары:** автотранспорт мекемелері; автомобиль жөндеу зауыттары; конструкторлық жобалау және технологиялық ұйымдар; маркетингі және транспорттық экспедициялық қызметтер; машина құрылыс заводтары және машина жөндеу кәсіпорындары; материалды-техникалық қамтамасыз ету жүйелері және транспортты басқару қызметі; оқу орындары; транспорт инспекциясы мен кедендік қызмет орындары.

**Мамандық: 5B072900 – «Құрылыс»**

**Маманданулар:** 1. «Өнеркәсіптік және азаматтық құрылыс технологиясы»

2. «Ғимараттар мен ғимараттарды есептеу және жобалау»

3. «Жолдар және аэродромдар құрылысы»

4. «Газмұнай құбырлары және газмұнай сақтағыштардың құрылысы»

5. «Сумен қамтамасыз ету және канализация»

**Біліктілігі:** Құрылыс бакалавры

**Түлектердің қызмет жасау салалары:** жобалау және ғылыми-зерттеу институттары; құрылыс ұйымдары мен мекемелері; жоғары оқу орындары мен колледждер; жер комитеттері мен коммуналдық құрылымдар; қала құрылысы басқармалары, түрлі деңгейдегі әкімшіліктер және



құрылыс департаменттері; жол құрылысы, пайдалану және жөндеу ұйымдары мен мекемелері; мемлекеттік автомобиль инспекциясы басқармалары; облыстық, қалалық және аудандық мұнай, газ және көмірмен қамтамасыз ету базасы; мұнай, газ және көмірді өңдеу, тасымалдау және сақтайтын кәсіпорындары; мұнай-химия зауыттары; водоканал; су бұру және сумен жабдықтау жүйелерінің эксплуатациясын ұйымдастыратын және басақаратын мекемелер; жылу және энергетикалық орталықтар (ТЭЦ); гидроэлектростанциялар; газбен қамтамасыз ететін мекемелер; СЭС, су және ауа бассейндерін және қоршаған ортаны қорғау департаменттері.

**Мамандық: 5B073000 – «Құрылыс материалдарын, бұйымдарын және конструкцияларын өндіру»**

**Оқу мерзімі:** бакалавр - 4 жыл

**Біліктілігі:** Құрылыс материалдарын, бұйымдарын және конструкцияларын өндіру бакалавры

**Кәсіби қызмет атқару салалары:** темірбетон бұйымдарын өндіретін зауыттар; құрылыс материалдары комбинаттары; құрылыс материалдарын сынайтын мемлекеттік стандарт мекемесі; құрылыс материалдарының сапасын анықтайтын мемлекеттік экспертиза.

**Мамандық: 5B090100 – «Көлікті пайдалану және жүк қозғалысы мен тасымалдауды ұйымдастыру»**

**Маманданулар:** 1. «Жол қозғалысын ұйымдастыру»

2. «Магистралды темір жол транспортында қозғалысты ұйымдастыру және басқару»

3. «Автомобиль транспортында қозғалысты ұйымдастыру және басқару»

**Біліктілігі:** Көлік бакалавры

**Түлектердің қызмет жасау салалары:** жол полиция басқармасы; көлік инспекциясы мен кедендік қызмет органдары; магистралды



темір жол транспортында тасымалдау мен басқару ұйымдары; көлік қызметі нарығын зерттеу мен қызмет көрсетудің маркетингтік мекемелері мен бөлімдері; көлікті басқарудың аймақтық органдары; көліктік-экспедициялық кәсіпорындары және ұйымдары; жүк және жолаушы тасымалдаудың аймақтық жүйелері.

**Мамандық: 5B073100 – «Өмір тіршілігінің қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау»**

**Біліктілігі:** Өмір тіршілігінің қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау бакалавры

**Түлектердің қызмет жасау салалары:** Төтенше жағдайлар бойынша құрылымдық бөлімшелері, тіршілік қауіпсіздігін және қоршаған ортаны қорғауды қамтитын жабдықтар мен қондырғыларды пайдаланатын мекемелер, экологиялық мекемелер, қорықтар, жер комитеттері, су ресурстарын реттеу, пайдалану және қорғау мекемелері, ауа райын болжау станциялары, су және өрттен қорғау инспекциялары, азаматтық қорғаныс бөлімшелері, ғылыми зерттеу институттары, экономикалық салалар, білім мекемелері.

Факультет студенттерінің әскери кафедрада оқуына және әскери атақ алуына мүмкіндіктері бар.

«Құрылыс және көлік» факультетінің 5B071300, 5B072900, 5B073000, 5B073100, 5B090100 мамандықтарына тест бойынша тапсыратын төртінші пән – физика (бейіндік пән - математика). 5B042000 мамандығына түсуші азаматтар Қазақстан тарихы, қазақ немесе орыс тілі пәндері бойынша тест және екі шығармашылық емтихан тапсырады: сурет (гіпсті фигуралар); композиция (стандартты жазық геометриялық фигуралардан әр түрлі комбинациялар).

**Ж.САДЫҚОВ, «Құрылыс және көлік» факультеті деканы, т.ғ.к., доцент**